

**«К Е Л І С Е М І Н»**  
Алматы қаласы прокурорының  
орынбасары аға әділет кеңесшісі

Н.Ж. Ауғанбаев

«    » қараша 2022 жыл

**Қ А У Л Ы**  
күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану және  
сот алдында санкциялау өтінішін қозғау туралы

«18» қараша 2022 жыл

Алматы қаласы

ҚР ҰҚК-нің Алматы қаласы бойынша департаментінің Тергеу басқармасының аға тергеушісі ұлттық қауіпсіздік капитаны А.Сайлаубай, №227500041000084 қылмыстық іс материалдарын қарап,

**А Н Ы Қ Т А Д Ы М:**

ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің Тергеу басқармасымен СДТБТ-не Қазақстан Республикасының ҚК-нің 179-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бойынша №227500041000084 тіркелген қылмыстық іс тергеп-тексерілуде.

ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің 10-басқармасымен жедел-іздістіру шараларын жүргізу барысында, Қазақстан Республикасының азаматтары 09.09.1979 ж.т. Андреева Багдагуль Мейрамжановна, 30.05.1983 ж.т. Торекулов Ержан Айтуганович, 15.08.1986 ж.т. Кульжаханов Олжас Сағатович, 07.08.1987 ж.т. Нурланов Тенилік Болатович, 02.04.1987 ж.т. Кийсымбаев Акылжан Адабиатович, 23.06.1980 ж.т. Илипбаев Айдос Турысбекович, 02.11.1960 ж.т. Қонар Сағынкүл Құрманкүлқызы қылмыстық сыбайластарымен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту мақсатында билікті басып алу және уақытша билік құру жоспарларына қатысты дайындық жұмыстарын жүргізіп жатқандықтары анықталды.

09.11.2022 жылғы №3552 сот психологиялық филологиялық сараптамасының қорытындысына сәйкес:

1. Зерттеуге берілген коммуниканттардың: Б.Андреева, Е.Торекулов, О.Кульжаханов, Т.Нурланов, А.Кийсымбаев, А.Илипбаев, С.Қонар әңгімелерінің жалпы бағыты келесідей:

- алдымен Алматы қаласында, содан кейін, Қазақстанның басқа да қалаларында 'қаңтар оқиғасына' ұқсас жағдайға әкелетін іс-әрекеттер, митинг (ереуіл) өткізу, оған халықты жинау, оған дайындық барысын, яғни оның болатын орны, уақыты мен өткізілу мерзімін талқылауға, алаңға шығатын кездегі өздерінің әрекеттерін рет-ретімен жоспарлауға, сонымен қатар, Қазақстанның басқа қалаларындағы адамдардың митингке

дайын/дайын еместігін талқылауға және оны өткізу үшін керекті қаржы мәселесін шешуге, шығындар сметасын талқылауға;

- жоспарланып отырған 'қаңтар оқиғасына' ұқсас жағдайға әкелетін іс-әрекеттерге, митингке шығатын адамдарды қару-жарақпен қамтамасыз ету қажеттігін, қару-жарақтарды талқылауға (садақ, снайперлік винтовка, автомат т.б.), сонымен қатар, жарылғыш заттарды дайындау («коктейль Молотова», «воздушка», «бутылкамет»), оларды белгілі бір орынға барып сынау және қосалқы бөлшектері мен құрамы бойынша ақпарат алмасуға, және оны алу үшін қаржы беретін тұлғаларды іздеу әрекеттерін талқылауға;

- Қазақстандағы қаңтар айында орын алған оқиғада жіберілген қателерді қайталамауға, анығырақ айтқанда, «тонаушылықты» (мародерлік) және «арандатушыларды» (провокакторларды) болдырмауды талқылауға;

- құқыққорғау өкілдеріне қатысты қандай әрекеттер жасайтындықтарын, олардың күштеу әрекетіне дайын отыру керектігін талқылауға;

- қазіргі билікке/үкіметке теріс-жағымсыз баға беріп, оны өзгертуді, құлатуды талқылап, сол әрекетке итермелеуге бағытталған.

Қорыта айтқанда, зерттеуге ұсынылған әңгімелер мәтіні елімізде орын алған 'қаңтар оқиғасына' ұқсас митингі өткізуді жоспарлауға, күштеу әрекетін қолдана отырып, қазіргі билікті/үкіметті ауыстыруды талқылауға, оған итермелеуге бағытталған.

2. Зерттеуге берілген Б.Андреева, Е.Торекулов және С.Қонардың сөздерінде билікті басып алуға шақыру, сол сияқты билікті күштеп өзгертуге бағытталған мағыналық компоненттер бар.

О.Кульжаханов, Т.Нурланов, А.Илипбаев және М.Танабаевтың сөздерінде билікті басып алуға шақыру, сол сияқты билікті күштеп өзгертуге бағытталған мағыналық компоненттер жоқ.

Билікті ұстап тұруға шақыру, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге бағытталған мағыналық компоненттер коммуниканттардың сөздерінде келтірілмеген.

3. Зерттеуге берілген Б.Андреева, Е.Торекулов, Т.Нурланов, О.Кульжаханов, А.Қийсымбаев, А.Илипбаев, С.Қонардың сөздерінде қандай да күштеу және зорлық-зомбылық әрекеттерге итермелеу белгілері, оны талқылау компоненттері бар. Осы белгілер М.Танабаевтың сөздерінде кездеспейді.

4. Зерттеуге берілген Б.Андреева, Е.Торекулов, Т.Нурланов, О.Кульжаханов, А.Илипбаев арасындағы әңгімелерде құқық қорғау, арнаулы органдар және әскери қызметкерлерге қатысты қандай да зорлық-зомбылық әрекеттеріне итермелеу және оны талқылау мағынасындағы компоненттер бар.

17.11.2022 жылы жедел-іздістіру шаралары барысында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күдік бойынша ҚР ҚПК-нің 131-бабының талаптарына сәйкес 07.08.1987 ж.т. Нурланов Тенилик Болатович ұсталған.

18.11.2022 жылы күдікті 07.08.1987 ж.т. Нурланов Тенилик Болатовичтің іс-әрекеті ҚР ҚК-нің 24-бабы 1-бөлігі, 272-бабы 1-бөлігі бойынша сараланған.

Жоғарғылардың негізінде, Т.Б. Нурлановтың іс-әрекеттерінде ҚР ҚК-нің 24-бабы 1-бөлігі, 272-бабы 1-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылық құрамы бар екендігін, бостандықта болған жағдайда тергеу мен соттан бой тасалап, іс бойынша ақиқатқа жетуге кедергі келтіру мүмкіндіктерін ескере отырып, ҚР ҚПК-нің 60, 136-138, 140, 147 баптарын басшылыққа ала отырып,

### Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. Келесі тұлғаға 2 (екі) айға, яғни 17.01.2023 жылға дейін күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау жөнінде өтініш қозғау туралы қаулыны қарау үшін, Алматы қаласы ауданаралық мамандандырылған тергеу сотына талап-тілек қозғалсын:

2.

Тегі, аты әкесінің аты:	<b>Нурланов Тенилик Болатович</b>
Туған күні:	07.08.1987 ж.т.
Туған жері:	Жамбыл облысы
Ұлты:	Казак
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Білімі:	Орта
Отбасы жағдайы:	Бойдақ
Жұмыс орны, лауазымы:	Уақытша жұмыссыз
Тұратын жері:	Алматы қаласы, Иманбұрлық к/сі 27 үй
Байланыс телефоны;	+ 7 775 263 05 87
Жеке басын куәландыратын құжаты:	Анықталған, ЖСН:8708007301055
соттылығы:	Өз сөзінен сотты болмаған

3. Алматы қаласы аудан аралық мамандандырылған тергеу сотынан Т.Б. Нурлановқа қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы талап-тілекті қолдау үшін Алматы қаласы прокуратурасына қылмыстық іс материалдары берілсін.

4. Қабылданған шешім туралы мүдделі тараптарға хабарлансын.

ҚР ҰҚК-нің Алматы қаласы бойынша Департаменті  
Тергеу басқармасының аға тергеушісі  
Ұлттық қауіпсіздік капитаны

А.Сайлаубай